

## ҰЛЫ АҚЫН АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ-ТОЛҒАМДАР

**Рысбекова Аружан Бақытжанқызы**

*[rsbkvaru13@gmail.com](mailto:rsbkvaru13@gmail.com)*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Дінтану» мамандығының 1 курс магистранты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылым жетекшісі – К.Тышхан

Абай Құнанбаев – қазақ халқының бағына біткен жүз жылда бір туатын ғұлама тұлға. Ұлы ақынның шығармашылығы қазіргі таңда да өзектілігі мен маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Абайға деген құрмет – ұрпақ тәрбиелеудің бірден бір тиімді жолы. Ұлттық мүддені, ұлттық сананы жаңғыртуда Абай атамyzдың еңбектерінен алатын өнеге, тағылым, рухани азық мол болмақ. Абай еңбектерінде сол кездегі қазақ қоғамының болмысы, ой-сана, діні, тілі, дүниетанымы, ұлттық мінез-кұлқы, өмір сүру тіршілігі, қазақ халқына деген жанашырлығы, игі, ізгі ниеті көрініс тапқан.

Жастайынан имандылықты дәріптеп өскен ұлы ақынның дінге, философияға деген көзқарасы өлеңдері мен қара сөздерінде кеңінен көрініс тапқан. Ол адам баласының бойындағы адамгершілік, шындық, тәрбие, махаббат, әділеттілік сияқты құнды қасиеттерді құдай ұғымымен байланыстырады. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» жырлаған ойшыл ақын адамзаттың адамгершілік жолын ұстануын қалайды.

Абай дін насихатшысы емес, оны оның жазып кеткен өлеңдері мен қарасөздерінен де аңғаруға болады. Абай - Алланы танушы, оның хикметін зерделеуші хакім. Философия ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы Ғарифолла Есім «Хакім Абай» кітабында: «Қазақ топырағында Абайға дейін Алланы тану мәселесімен шұғылданған ойшылды мен білмеймін. Өзін сопылармыз деп атаған тақуалар (әулиелер) де «Алла бір, пайғамбар хақ» дегеннен аспағанға ұқсайды» [1, 57 б.], - дейді. Абайды зертеуші, жазушы Мұхтар Әуезов те «Абайдың діні – сыншыл ақылдың, адамгершіліктің діні» деп айтқан болатын. Абай өлеңдері мен қарасөздерінде діннің негізінде жатқан иман, дүниетаным, адамгершілік, ар-ұждан, ахлақ сияқты мәселелерді қозғайды.

Абай – өзінің заманындағы қазақ халқының діни көзқарасы, құндылықтарының ақсақ тұстарын арқау еткен бірден-бір ақын, жазушы деп айта аламыз. Шығармаларында дін тақырыбын көптеп өзек еткенімен ақынның нақты бір жүйеге келтірілген діни-философиялық еңбегі жоқ. Оның діни-философиялық ой-толғамдарын өлеңдерінен, қара сөздерінен көре аламыз. Ол өзінің діни сенімін:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас

Рас сөз ешқашан да жалған болмас.

Көп кітап келді Алладан, оның төрті,

Алланы танытуға сөзі айырылмас» [2, 255 б.], сөздерімен айқындайды.

Ұлы ақын «иманның бастауы ұяттан шығады» дейді. Мұхаммед пайғамбардан «Кімнің ұяты жоқ, соның иманы жоқ» деген хадис келтіреді. Біздің қазақ қыз-ұлын тек үш сөзбен ғана тәрбиелеп өсірген. Олар: жаман болады, обал болады және ұят болады сөздері. Ұят шарифатқа және ақылға теріс, адамшылықтан шет қылық, және қателік пен нәпсіге ерушіліктен сақтайтұғын күш. Абай «Алла тағала жолына түсу үшін ең бастысы сенім,

иман келтір» дейді. Бұл жерде иман тек қана ауызбен кәлімә айта салу ғана емес, ол кәміл иман болуы үшін сенің ой-пиғыл, жүріс-тұрыс және істеріңді де түзетуің шарт. Матруди ақидасы бойынша Абай Алланың 8 субути сипатын: «Хаят – тірі болу, Ілім – білу, Самиф – есту, Басар – көру, Ирада – Қалау, Құдірет – қуат иесі, Кәләм – сөйлеу, Тәкуин – жарату» атап көрсетеді. Абай он үшінші қара сөзінде иманның екі түрін ашып көрсетеді. Бірі якини, екіншісі таклиди иман. Иманды сақтау үшін қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керектігін айтады [2, 431 б.]. Абай философиясында жүрек культінің орны ерекше. Он жетінші қара сөзінде таласқа түскен қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің тізгінін ғылым жүрекке ұстатады [2, 438 б.]. «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде:

«Алла деген сөз жеңіл,  
Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл,  
Өзгесі хаққа жол емес» [2, 226], - дейді.

Яғни, құдайды тануда, оған жақын болуда жүректің орны, оның тазалығы маңызды болып келеді. «Құдайшылық сонда, қалпыңды (араб.қальб – жүрек) таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды, кітаптың (Құранның) айтқаны сол деп жазады. Абай жастайынан шығыс поэзиясын оқып өскен. Мұсылмандық шығыс поэзиясында ақыл мен жүрек культі бағыты кеңінен кездеседі. Ақыл культі шығыстың әйгілі шайырлары мен ойшылдары Фирдоуси, Рудаки, Ибн-Синада кездесе, жүрек культі Әл-Фараби, Низами, Руми, Науаиде кездеседі. Абай аталмыш хәкімдерден тәлім алып, сусындап, өз қолтаңбасын қалдырған [3].

Ислам діні иман мен құлшылықтан тұрады. Алла алдында мұсылманның құлшылық етуі маңызды. Абай жиырма жетінші қара сөзінде әйгілі Сократ хакім мен оның шәкірті Аристодем арасындағы сөзді келтіреді. Сократ «Алланың адамзатты өзге хайуаннан ерекше ақыл иесі қылып жаратқанын, адам баласын артық көріп, қамын әуелден өзі ойлап жасағанын» сондықтан да адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екеніне тоқталады. Алайда «әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады?» деген сауал қояды. Абай пікірінше, ғибадат – иманның көлеңкесі және сол иманның өсуі, нұрлануы үшін бұйырылған іс-әрекет. Жиырма сегізінші қара сөзінде: «Құдай Тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз» [2, 459 б.], - дейді.

Абайдың діни-философиялық ойлары отыз сегізінші қара сөзінде де кездеседі: «Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғадаләт һәм махаббат бар. Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, мандай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» [2, 479 б.] Бұл жерде адамзаттың жаратылысының өзінде тұнып тұрған құдайдың махаббаты жатқандығын ақыл-ойға салып, зерделеу керектігін ұғындырғысы келеді.

Абайдың исламмен байланысқан ой-толғамдары «иманигүл», «жәуанмәртлік» және «толық адам» концепциясында кездеседі. Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде бұл туралы былай дейді:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,  
Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ біл.  
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,  
Басты байла жолына, малың түгіл [2, 255 б.].

Жоғарыдағы «үш сүю» ұғымы - бірінші – Алланы сүю, екінші – адамзатты сүю, үшінші – әділетті сүю деп берілген. Абайдың сопылық дүниетаныммен жалғасатын ойы «жаратылғандарды жаратқан Алла үшін сүю» ұстанымына негізделеді [4, 67 б.].

Өлең жолдарындағы жаратылыстың иесі Алланы сүю, екінші адамзатты сүю, үшінші «хақ жолы осы деп әділетті» сүю, әрбір адамның Алланың махаббатына қайтарар жауабы мен ісінің нәтижесі. Бұл ретте Абайдың терең ойының тағы бір түйіні – «махаббатпен жаратылған адамзат» қалай жүріп-тұруы керек деген мәселе. Мұның жауабы – әділет. Бұл – хақ жолы. Адамзат әділетті жолмен жүргенде ғана қоғам кеселсіз, жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке, рақымдылыққа толады [5, 169 б.].

Абайдың бұл өлеңі толықтай гуманистік көзқараста жазылған десек те болады. Абай мұсылманшылдығының негізгі тірегі де сол, барша адамдарға мейірімділікпен, сыйластықпен қарап, хақ құдайды, дінді танып, тек әділеттілік жолында жүріп, ақиқаттан ауытқымау болып табылады. Яғни, бүкіл адамзаттың тіршілігінің мәні де сол екенін ұғындырады. Ол құдайдың жолы өзі сияқты шексіз, оның соңы жоқ, бірақ та сол құдай жолына түсіп, жан-тәнімен қалап, соны мақсат қылса, ол таза мұсылман, толық адам болады деген. Мына жарық дүниеде тек өз пайдасын ойлаған адамның құдай жолында еместігін, құдай жолы – осы дүниеде жиған мал-мүлкіңнен, ақылыңнан біреулерге жақсылық жасау, шапағатыңды тигізу екендігін аңғартады.

Абай қара сөздерінде мұсылмандық ұғымына аса жауапкершілікпен қарайды. Оның еңбектерінде «таза мұсылман», «жарым мұсылман», «шала мұсылман», «кәміл мұсылман» деген сөздер кездеседі. Отыз төртінші қара сөзінде адам көңілінде екі қуаныш, екі қорқыныш бірдей болмайтынын айтып: «Олай болғанда, қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес» [2, 471 б.] - деп қысқа қайырады.

Абай «дүниенің алма кезектігін, өткінші екендігін» отыз жетінші қара сөзінде сөзге тиек етеді. Ұлы ақын:

«Дүние – үлкен көл,  
Заман – соққан жел,  
Алдыңғы толқын – ағалар,  
Артқы толқын – інілер,  
Кезекпенен өлінер,  
Баяғыдай көрінер» [2, 477 б.],

- деп мына дүниенің жалған, өткінші екендігін аңғартқандай болады.

Абай философиясында ақыл жоғары қойылған. Жиырма сегізінші қара сөзінде: «Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады» [2, 459 б.]. Бірақ ақылмен әлемдегі құбылыстар мен заттарды танып білгенмен, құдайды танып біле алмайтындығын айтқан. Өйткені Абай дүниетанымында Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Тиісінше, өлшеулімен өлшеусізді танып білуге болмайды. Ақын дүниеге, қоршаған ортаға бір үңіліп, оған ақыл призмасымен қарауды ұсынған. Адам қажеттілігіне берілген табиғат, аң-құстар, жан-жануарлар, тіпті ай мен күн де адамзат қауымы үшін қызмет етеді екен. Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың парыз емес пе деп тұмшылайды. Алайда дүниеде күллі пенде құдай жолына түсіп, мына дүниені тәрк етсе, жамағатқа кіріп, тариқат жолына түссе, мына дүние ойран болмай ма дейді. Бұлай болғанда, мал бағып, азықты кім бағады, қиетін киімді кім тоқиды, астықты кім егіп, дұшпанға кім қарсы тұрады деп ой қорытады. Абай надан бола, дін жолына түскендерді сынайды. Яғни, біреудің айтқан

сөзінің жетегінен еріп, қылғанын қылып, соқыр сеніммен жүрген адам сол жолға кірдім дегені – біз бұзылдық дегенімен бір болады деп айтады.

Қорытындылай келе, ұлы ақынның адамгершілік, имандылық, ар-ұждан, ахлақ сияқты бірталай мәселелерді қара сөздері мен өлеңдерінде кеңінен толғап, үлкен көрегендікпен құнды пікірлер түйіндегенін көруімізге болады. Пайғамбарымыздың хадистерінен дәлелдер келтіріп, ақиқат дүниенің шындығын іздеуді саналы ғұмырының мақсатына айналдырған ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздеріндегі пікірлері, қозғаған мәселелері Ислам дінімен үндесіп, сабақтасып отырғандығын көруімізге болады. Ұлы ақынның дін, иман, адамгершілік туралы толғаныстары жалпы адамзаттық құндылықтармен қабаттасып жатыр.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Ғ.Есімов Хакім Абай. – Алматы: Атамұра, 1994. – 200 бет.
2. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлең – сөздің патшасы. - Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 22008. – 568 б.
3. <https://dasturbk.kz/abaj-tanymynda-y-islam-arnalary/2020/>
4. Мырзахметов М. Абай мұраты. – Алматы: «Өнер – 21 ғасыр», 2014. – 136 б.
5. Ыбраев Ш. Абай феномені. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 187 б.